

УДК 21

АТЕИСТІК БАҒЫТТЫҢ ТҮРЛЕРІ. КОМПАРАТИВИСТІК ТАЛДАУ

Шолан Әлібек Мұратұлы

alibeksholan7@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дінтану және теология мамандығының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – З.Б.Малғараева

Атеистік ұстаным көне грекиялық дәуірден басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тапқан көп қырлы феномен. Атеизм сөзінің біраз анықтамасы бар, дегенмен оның ең

қарапайымы әрі көпке мәлімі – құдай мен тылсым дүниенің жоқтығын мойындау. Ал этимологиялық тұрғыда бұл термин келесі мағынада келтірілген: «а» сөз алды қосымшасы «болымсыздықты», «теос» сөзі көпшілік білетін гректің «құдай», сонымен қатар белгілі бір құбылысты, жағдайды, ғылымдардың атауларын және қоғамдық бағыттарды білдіретін «-изм» жұрнағы бірігіп «атеизм», яғни «құдайға сенімсіздік» дегенді білдіреді [1].

Бұл анықтама қазіргі кезде атеизмді түсіндіруде көп айтылып жүрген «құдайдың жоқ екеніне сенім» ұғымынан айтарлықтай өзгешеленетінін көреміз және осыны атеист-авторлардың біразы да ескертуге ұмтылған. Мәселен, діннен еркіндік қорының президенті Дэн Баркердің айтуы бойынша «негізгі атеизм – бұл сенім емес. Бұл сенімнің жоқтығы. Құдайдың жоқ екеніне сенім мен құдайдың бар екеніне сенбеу арасында айырмашылық бар – екеуі де атеистік мағынада, дегенмен көп қолданылатын анықтама соңғы анықтаманы елемей келген».

Атеистік бағыт бүгінгі таңда қарқынды түрде өріс алып келеді. Бұл феноменнің уақыт өте келе дамуы, оның бағыттарының да пайда болуына әсер еткені анық. Мысалы, белгілі британдық ғалым, этолог және Оксфорд университетінің экс-профессоры Ричард Докинз бойынша адамдағы атеистік сенім дәрежесі келесі шкаламен анықталуы мүмкін:

1. Тұтастай бейтарапты. Құдайға сену-сенбеу қағидасының дәл 50 пайызын құрайды, яғни «құдайдың барлығы мен жоқтық ықтималдығы тең».

2. Агностицизмге, яғни құдайды тану мүмкін емес дейтін ұстанымға бейімді. 50 пайыздан төмендеу. «Мен құдайдың бар екеніне скептиктік тұрғыда қараймын».

3. Фактті түрдегі атеист. Құдайға сенім ықтималдығы өте төмен. «Нақтысын білмеймін, бірақ құдайдың бар болуы екіталай, ол жоқ деген пікірдемін».

4. Күшті (ұстамды) атеист. «Юнг құдайдың бар екенін қаншалықты білсе, мен де сондай сеніммен құдайдың жоқ екенін білемін» [2].

Жоғарыда келтірілген парадигма бойынша, бірінші позиция нақты нейтралдылықты көрсетсе, екінші және үшінші позициялар агностицизмдік атеизмнің формасы ретінде, ал төртінші позиция гностикалық, яғни танымға негізделген ұстаным ретінде тұр.

Анық атеизм келбетіне келетін, бірақ өздерін сипаттау үшін не атеист, не агностик терминдерін қолданбайтын адамдар да көп. Осылайша, қазіргі ортадағы анық атеисттер әдетте қолданатын бірнеше терминдерді де қарастырғанымыз жөн. Олардың алғашқысы әрі неғұрлым кең ауқымда түсіндірілетіні – «нон-діндарлық» ұғымы. Бұл сөз атеизм призмасында келтірілетін және өздерін құдай немесе дінмен байланыстырмайтын адамдарға қатысты айтылатын сөздердің ең жалпысы деуге болады. Сондай-ақ нон-діндарлық термині құдайкіндіктік дүниетаным үстем мәдениеттерде пайдалы болатын атеист терминіне қарағанда ауқымды, сонымен қатар «иррелигия» ерте терминіне қарағанда мағынасы жағынан негативті реңкі азырақ болып көрінеді.

Нон-діндарлық пен секулярлықты зерттеу желісінің директоры Лоис Ли осы ұғымды атеизм, гуманизм және басқа да байланысты анықтамаларға назар салған зерттеудің жаңа саласын тұтастай қамтитын негізгі тұжырымдама ретінде қолдануды ұсынды [3].

Келесі анықтама көбінесе дін мен мемлекет арасындағы байланысты түсіндіреді. Ол – «секуляризм» ұғымы. Бұл терминді ХІХ ғасырдың ортасында белгілі ағылшын көсемсөзшісі Джордж Якоб Холиок ойлап тауып, оған келесідей анықтама берген:

«Таза адамдық ой-пікірлерге негізделген және көбінесе құдайлықты анықталмаған немесе жат деп санайтындарға арналған осы өмірге қатысты міндеттер кодексі» [1].

Дегенмен уақыт өте келе аталған термин өзге мағынада түсіндіріле бастады. Ол бойынша, осы ғасырда кейбір нәрселер және соның ішінде ең бастысы үкімет діннен бөлек «өмір сүруі» керек. Осылайша зайырлылықты білдіретін «секуляр» ұғымы дінге қатысы жоқ барлық нәрсені білдіре бастады. Оған мысал бола алатын қазіргі кездегі діни мекемелердің тікелей бақылауында немесе басқаруында болмайтын кез келген ұйымды айта аламыз. Дәл осы тұрғыда Қазақстан Республикасының зайырлылық қағидасы аталған мысалға қатысты болады.

Үшінші қарастыратын анықтама тылсым жаратылыстың діни культіне қарама-қарсы болатын, адамның еркін қоғамда еркін жетілу идеясын алға қоятын «гуманизм» ұстанымы. Гуманизм – адамның құндылығы мен еркіндігін белгілейтін, рухани езгіден босататын әлеуметтік адамгершілікті көзқарастардың жиынтығын білдіреді. Бұл терминнің пайда болуы төмендегідей түсіндіріледі:

Итальян тілінен шыққан *Umanista* сөзі белгілі британдық ғалым Николас Маннның сөздері бойынша, «XV ғасырдағы итальяндық академиялық жаргонда классикалық әдебиеттің және онымен байланысты өнердің, соның ішінде риторика өнерінің ұстазын немесе оқушыны сипаттау үшін қолданылған». Дегенмен қазіргі уақытта гуманизм философия және классикалық ілім шеңберінен шығатын қозғалыспен байланысты болып кетті. Ол енді аяқталған дүниетаным, тұрмысқа қатысты және анық атеизммен қатар айтылады [4].

Америкалық гуманистік қауымдастық бойынша, гуманизм – бұл тылсым нәрселерсіз-ақ өзіміздің қабілетімізді арттыруға және әдепті өмір сүруге жауапкершілік танытуға бағытталған прогрессивті өмір философиясы [4].

Қорыта келе, атеизм феноменін тек діни емес, сонымен қатар әлеуметтік, философиялық, саяси қырлардан да қарастыруға болады. Бұл ұстаным уақыт өте келе өзінің тамырлары ретіндегі бағыттары мен түрлерін қазіргі күнге дейін арттыруда. Жоғарыда қарастырылған үш термин де бір бірінің салғастырмасымен түсіндіріледі. Сонымен қатар осы ұғымдарды зерттеген ғалымдардың да пікірлері үйлесімін табатын жерлер де бар. Дегенмен аталған тақырып әлі де болса тереңдетілген зерттеулерді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Baker, Matthew James. Psychological Type of Atheism: Why Some People Are More Likely Than Others to Give Up God. – The University of Warwick, 2015. – 256 p.
2. Dawkins, Richard. The God Delusion. – Bantam Press, 2006. – 406 p.
3. Lee, Lois. Secular or nonreligious? Investigating and interpreting generic ‘not religious’ categories and populations. – Religion, 2014. Vol. 44, No. 3, 466-482 pp.
4. Mann, N. (1996), The origins of humanism, In: Kraye, J. (ed.), The Cambridge Companion to Renaissance Humanism, Cambridge: Cambridge University Press.